

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының  
Қазақстан Республикасының Президенті  
Қ.Қ. ТОҚАЕВҚА  
ҮНДЕУ**

**Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Сіздің 1 маусымда ҚР Ұлттық ғылым академиясы Жалпы жиналысының мерейтойлық сессиясында айтылған сөзіңізді зор ықыласпен қабылдады. Сіздің баяндамаңыз, оның негізгі ережелері, Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе беру туралы шешіміңіз Ғылым академиясы мүшелерінің ұмтылыстары мен үміттерінің нақты көрінісі, трансформацияның жол картасы болды. Мемлекет пен қоғамды дамытудағы ғылымның рөлін арттыру, ҚР ҰҒА-ға мемлекеттік мәртебе беру туралы Сіздің айтқандарыңыз бізді және біздің шетелдік қонақтарды таң қалдырды және шабыттандырды. Біз мұны ҚР ҰҒА тағдырындағы тарихи бетбұрыс деп санадық.

Бірақ көп ұзамай, өкінішке орай, бірқатар жоғары лауазымды мемлекеттік қызметшілердің қате және уақыт көрсетіп отырғандай, қасақана әрекеттері салдарынан көңілсіз күндер орын алды. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы ҚР ҰҒА-ға мемлекеттік мәртебе беру жөніндегі Сіздің тапсырмаңыздың бұрмалана орындалуына байланысты туындаған төтенше жағдайға орай Сізге жүгінуге мәжбүр болып отыр. Келеңсіз жағдай орын алды. ҚР ҰҒА күтіп отырған дәстүрлі мемлекеттік мәртебенің орнына **100% мемлекет қатысатын КЕАҚ (коммерциялық емес акционерлік қоғам) КВАЗИмемлекеттік мәртебесін алды.** КЕАҚ - бұл квазимемлекеттік ұйым, мемлекеттің жүз пайыздық қатысуы ұйымның мемлекеттік меншікте екенін ғана білдіреді. **Коммерциялық емес акционерлік қоғамның нысаны Ғылым академиясына тән емес, тікелей айтқанда, оны қорлайтын мәртебе.**

Сіздің тапсырмаңызды негізге ала отырып, ҚР ҰҒА-ның келісімімен аталмыш мәселе бойынша уақтылы үндеу бергенімен, Білім және ғылым министрлігінің, БҒМ Ғылым комитетінің басшылығы тарапынан Ғылым академиясына қатысты қасақана және заңсыз әрекеттерді тоқтатулар тиісті назарлардан тыс қалды. Біздің үндеулер мүлдем еленбей, «Ғылым туралы» Заңына жедел қабылданған түзетулер арқылы жауапкершіліксіздік танытылды, бұл өз кезегінде наразылық пен қабылдамауды туындатты. ҚР ҰҒА квазимемлекеттік трансформациясын ұйымдастырушылардың Ғылым Академиясына арналған КЕАҚ нысанының «тиімділігі мен алмастырылмайтындығы» туралы дәйексіз дәлелдері мен алуан түрлі айла-амалдары шын мәнінде олардың кейбіреуін шатастыруы мүмкін, бірақ олардың жаңылысын түсіну уақыт мәселесі, өйткені акционерлік қоғамның

негізгі мәнін өзгерту мүмкін емес. Өйткені, КЕАҚ-акционерлік қоғамындағы жоғары басқару органы авторитарлық басқару және тағайындау қағидатын енгізетін, ҚР ҰҒА-дағы академиялық өзін-өзі басқарудың барлық негіздерін жоятын, Ұлттық ғылым академиясын классикалық үлгідегі Академия ретінде таратуға сөзсіз алып келетін Жалғыз акционер болып табылады. Осыған байланысты Қазақстанның халықаралық академиялық бірлестіктер мен альянстардағы мүшелігін тоқтатудың айқын қауіпі туындайды. Бізге жиі сұрақ қойылады: «ҚР ҰҒА квазимемлекеттік мәртебе беру туралы «Ғылым туралы» Заңға өзгерістер енгізілсе не болады?». Бұл туралы тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының салтанатты сессиясының қонақтары арасындағы шет елдерден келген әріптестер, соның ішінде Ұлттық ғылым академияларының президенттері де сұрайды. Бүгінгі таңда бүкіл әлемдік академиялық қауымдастық ҚР ҰҒА тағдырына байланысты оқиғалардың барысын өз назарларында ұстап отыр. Әлемде акционерлік қоғам мәртебесі бар Ұлттық ғылым академиялары жоқ. ҚР ҰҒА-ның КЕАҚ-акционерлік қоғамның осы мәртебесін қабылдауы еліміздің халықаралық имиджіне орасан зиян келтіреді. Бұл үшін кім жауаптылықты алады?

ҚР ҰҒА КЕАҚ мәртебесін беру бойынша «Ғылым туралы» Заңға қате түзетулер енгізу - бұл Сіздің саясатыңызға мақсатты түрде қарсы әрекет ету, Сіздің - Қазақстан Республикасының Президенті дәл тұжырымдаған ережелер мен ҚР ҰҒА-ға мемлекеттік мәртебе беру жөніндегі анық нұсқауларды қасақана бұрмалау фактісі. Бұл жекелеген жоғары лауазымды саяси қайраткерлердің Екінші Республика идеясымен келіспеу фактісі, онда басшы кадрлар мемлекет пен қоғамның мүдделерін сақтауға тиіс. Бұл олардың әділ және құлақ асатын мемлекет қағидатын елемеу фактісі. Бұл азаматтық қоғам мен ғылыми қоғамдастықтың пікірін оның құрамдас бөлігі ретінде толығымен мән бермеу. Сәйкессіздік пен біліксіздік – Президенттің Жаңа Қазақстанды құру жолындағы реформаларына іс жүзінде қарсылық танытқан бірқатар мемлекеттік органдардың жауапты тұлғаларының қате әрекеттерінің ең жұмсақ анықтамасы.

Заңды жедел қабылдаудың сипатын құқықтық прецеденттерге жатқызуға болады. Волонтарист үкіметі «Ғылым туралы» Заңға өзгерістер мен толықтыруларды «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару, мемлекеттік шекара, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасына енгізуді талап етті. Парламентте осы түзетулерді ең қысқа мерзім ішінде алдымен Сенатта, содан кейін Мәжілісте, оның бейінді Комитетін айналып өтіп, қандай да бір талқылаусыз қабылдауға мүмкіндік беретін рәсімдер пайдаланылды. Нәтижесінде «Ғылым туралы» Заңға «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» КЕАҚ құру туралы түзетулер ҚР Президентінің ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының сессиясында ресми сөз сөйлеуіне және оның ҚР ҰҒА-ға мемлекеттік мәртебе

берудің хаттамалық тапсырмасына қарамастан қабылданды, бұл мемлекеттік басқарудағы бағынбау және бақылаусыздық фактісі болып табылады. Сараптамалық-талдау қоғамдастығы болған оқиғаны Мемлекет басшысының ҚР ҰҒА мемлекеттік мәртебесін беру жөніндегі тікелей тапсырмаларынан іріткі салу, тіпті «ұлттық мүдделерге опасыздық жасау» деп дұрыс санады.

ҚР ҰҒА ағымдағы жылдың 30 маусымында өткен Жалпы жиналысында ҚР Парламенті Мәжілісі мен Сенатының бейінді Комитеттерінде талқылаусыз қабылданған «Ғылым туралы» Заңға түзетулермен өзінің түбегейлі келіспейтіндігін білдірді. **Бірауыздан қабылданған Қаулыда ҚР ҰҒА Жалпы жиналысы ҚР Ұлттық ғылым академиясы үшін КЕАҚ нысанын абсолютті түрде қабылдамайтындығын ресми мәлімдеді.**

Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек өз бастамасымен жүргізілмеген Ұлттық ғылым академиясына КЕАҚ нысанын беру туралы қате шешімді қабылдауға әкеп соқтырған бұрынғы Білім және ғылым министрінің зиянды мұрасын орындауды кепілге алған болса да, консенсус табу үшін көп күш-жігерін жұмсады. 2022 жылғы 1 маусымдағы Сіздің хаттамалық тапсырмаңызды, ҚР ҰҒА бойынша Жалпы жиналыстың сессиясында Сіз айтқан пайымдарды нақты және толық орындау жолдарын қарастыру бойынша Министрлік пен Ғылым академиясының бірлескен Жұмыс тобының жұмысы басталды. Ұлттық ғылым академиясы заңгерлердің қатысуымен ҒЖБМ дайындаған барлық құжаттарды мұқият зерделеп, ҚР ҰҒА үшін КЕАҚ нысанының мүлдем жол берілмейтіндігін көрсететін тоғыз маңызды, даусыз себептерді баяндап берді. ҚР ҰҒА РҚБ қолданыстағы Жарғысының және ҚР ҰҒА КЕАҚ Жарғысы (және оның негізгі мәнін өзгертпейтін нұсқалары) жобаларының салыстырмалы кесте арқылы аргументті және дәлелді түрде көрсетілді, ол акционерлік қоғамдарда қабылданған корпоративтік басқару әдістерінің көмегімен академиялық қоғамдастықты басқарудың негізін құрайтын қағидаттарын трансформациялаудың мүмкін еместігін айқын көрсетеді.

Сонымен, **КЕАҚ-та қабылданған басқару Ғылым академиясына мүлдем жарамайды.** КЕАҚ басқару органдарының барлық 5 элементі: 1. Жалғыз акционер - жоғары басқару органы, 2. Жалғыз акционер қалыптастырған академиктердің Жалпы жиналысы, 3. Жалғыз акционер құрайтын КЕАҚ Директорлар Төралқасы, 4. Жалғыз акционер тағайындайтын атқарушы директор, 5. Жалғыз акционер құрайтын ішкі аудит қызметі, олар тек Жалғыз акционерге бағытталған. КЕАҚ-тың барлық органдарын Жалғыз акционер тағайындайды, олар Ғылым академиясы үшін бөтен, жарамсыз және қолайсыз. Ғылым Академиясының негізгі құрылымдары мен жүйелері толығымен басқа мазмұнмен ауыстырылады: Ғылым академиясының Төралқасын Жалғыз акционер тағайындайды және ол Ғылым академиясының мүшелері болып табылмайтын бөгде адамдардың 50%-ынан тұрады. Ғылым академиясының Президентін Жалпы жиналыс сайламай, Төралқа мүшелерінің арасынан жалғыз акционер тағайындайды,

оның үстіне Ғылым академиясының мүшесі болып табылмайтын адам Ғылым академиясының президенті бола алады.

КЕАҚ-да Атқарушы директор, оның орынбасарлары, Аппарат басшысы, Корпоративтік хатшы, КЕАҚ қызметін басқаруға және бақылауға қатысатын басқарушы қондырма болып табылатын Ішкі аудит қызметі, тікелей емес бөгде тұлғалар болады деп болжалуда. Сонымен қатар, КЕАҚ-та күрделі қаржылық есептілік және құжат айналымының қолайсыз жүйесі болады. Яғни, Жалғыз акционер айрықша құзыретке ие-құқықтар, толық әкімшілік-басқарушылық билік, тағайындау мен авторитарлық басқарудың міндетті қағидаты ретінде енгізеді.

КЕАҚ – та қазіргі классикалық типтегі Ғылым Академиясының негізгі ерекшелігі және өзегі - **академиялық өзін-өзі басқарудың жойылуы, Ғылым академиясы мүшелерінің өмір бойы сайлану қағидаты жоғалуы мүмкін.** Ғылым академиясына КЕАҚ-қа оған қажетті минималды құқықтар, мүмкіндіктер, нақты ғылым академиясы ретінде өмір сүру мүмкіндігі берілмейді.

**Әлемдегі барлық ғылым академиялары демократиялық процедуралар мен сайлауға негізделген мүлдем басқа құрылымға ие: жоғарғы орган – Жалпы жиналыс, ол Ғылым академиясының мүшелерінен (академиктер мен корреспондент мүшелерінен) тұрады, Жалпы жиналыста Ғылым академиясы мүшелерінің жасырын дауыс беруі арқылы сайланған президент, Жалпы жиналыс сайлаған Президиум, Жалпы жиналыс жасырын дауыс беру арқылы сайлаған Ғылым академиясының мүшелері және т.б. Дәл осы себептерге байланысты КЕАҚ-акционерлік қоғамның нысаны Ғылым академиясына мүлдем сәйкес келмейді және әлемде мұндай Академиялар жоқ!**

Сонымен қатар, Ғылым академиясына қатысты Заңдағы түзетулерге Сіздің тапсырмаңызға сәйкес барлық функциялар берілмеген, олар іс жүзінде ескерілмеді және ғалымдардың пікірлерін ескерместен басқаша түсіндірілді. Мәселен, Ұлттық ғылым академиясы қызметінің аясынан іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің ғылыми-техникалық сараптамасына қатысу функциясы шығып кетті (бұл функция қоғамдық бірлестік мәртебесі бар академиялар мен ғалымдар одақтарының қызмет түрлерінің тізбесінде қалды), ал Сіз Мемлекет басшысы ретінде Ғылым академиясының сарапшылық қызметінің аспектілеріне ерекше назар аудардыңыз. Ғылым академиясы ғылыми ойдың орталығы және сараптамалық қызметті жүзеге асыратын беделді құрылым болып, ғылыми зерттеулердің басым салаларын айқындайды деп жоспарланбаған да. «Ғылым туралы» Заңға түзетулерді әзірлегендер ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының сессиясында 1 маусымда сөйлеген Сөзіңізге сәйкес ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін ғалымдарға берілетін сыйақыны емес, академик-зейнеткерлерге әлеуметтік жәрдемақы төлеу қағидатын назарға алды.

Айта кету керек, еліміздің белгілі ғалымдары Мемлекет басшысына академиктерге стипендия төлеу туралы тапсырмасы үшін өз алғыстарын

білдірді. Алайда, өкінішке орай, дәл осы тармақ саяси спекуляцияның өзіндік құралына және немқұрайлы шенеуніктердің «Ұлттық ғылым академиясының мүшелерін тек стипендия мен бюджеттік қаржыландыру аландатып, ал Ғылым академиясының мәртебесі мен ғылымның дамуы оларды қызықтырмайды» деген жалған әңгімелердің орын алуына алып келді.

ҚР ҰҒА-ның министрлік құрамында болуының теріс тәжірибесі Ғылым академиясын 2003 жылы ҚР ҰҒА республикалық қоғамдық бірлестігіне (РҚБ) айналдыруға алып келгені белгілі. Осыған байланысты Министрлік құрылымындағы бұрынғы қалпына оралу ҚР ҰҒА үшін қолайсыз. Ғылым академиясы мен оның мүшелерін, тіпті ең уәкілетті орган болып табылатын Ғылым және жоғары білім министрлігін хабардар етпей, КЕАҚ-ты жекешелендіру тәуекелі орын алуы мүмкін екендігі де маңызды.

Ағымдағы жылдың 12 тамызында Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары А.Г.Балаеваның, Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің, Ұлттық ғылым академиясының президенті М.Ж.Жұрыновтың кездесуі өтті, онда Сіздің Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе беру туралы тапсырмаңыздың бұрмалануына байланысты туындаған күрделі жағдай, оның тәуекелдері мен салдары талқыланды. Біз бұл кездесу Сіздің тапсырмаңыздың арқасында қалыптасқан жағдайды зерделеп, қажетті шаралар қабылдау үшін жібергеніңізге сенімдіміз.

Осы кездесуде ағымдағы жылғы 1 маусымда ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының салтанатты сессиясында берілген ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе беретін әділ шешім қабылдау бойынша іс-қимылдар талқыланды. Сонымен қатар, «Ғылым туралы» Заңға түзетулер қабылдауға байланысты туындаған басқа да күрделі мәселелерді оң шешуге, қоғамдық шиеленісті болдырмауға мүмкіндік туады.

Ол үшін, *біріншіден*, «Ғылым туралы» ҚР Заңына енгізілетін 8-бабы 3-тармағының және басқа да түзетулердің қолданысын тоқтата тұру, оларды ҚР Президентінің хаттамалық тапсырмасында көрсетілгендей, қолданысқа енгізу мерзімін 30 тамыздан 30 желтоқсанға, яғни Мемлекет басшысының тапсырмасын нақты орындау мақсатында оларды жоюға уақыт беру үшін ауыстыру қажет.

*Екіншіден*, осы кезең ішінде **«Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы туралы» ҚР жеке Заңын әзірлеп, қабылдау қажет.** Халықаралық тәжірибеге толық сәйкес келетін Заң Мемлекет басшысының ҚР ҰҒА-ның рөлін арттыру мақсатында оған мемлекеттік мәртебе беру жөніндегі барлық тапсырмаларын ескереді. ҚР ҰҒА ғылымның дамуы үшін тиісті жауапкершілікті өз мойнына ала алады және ол үшін оның заңды құқықтары мен мүмкіндіктері болуы керек.

*Үшіншіден*, ҚР ҰҒА-ға қоғам мен ғылыми қоғамдастықтың, жалпы Қазақстан халқының үмітіне лайықты мемлекеттік мәртебе беру бойынша Президенттің тапсырмасын орындау ҚР ҰҒА-ға Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын **«Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым**

**академиясы» Жоғары ғылыми мемлекеттік мекемесінің нысанын беру болып табылады.**

**«Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы туралы» Заң қабылданғанға дейін «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі өз Жарғысына сәйкес РҚБ нысанында жұмыс істеуін жалғастырады.**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы туралы» Заңды әзірлеу және ҚР ҰҒА мәртебесіне байланысты мәселелерді шешу үшін құрылатын Мемлекеттік комиссияға ҚР ҰҒА Жалпы жиналысында уәкілеттендірілген Төралқа ұсынған академиктер енгізілсін.

Мұның бәрі кездесу барысында талқыланды. Уәделер мен тиісті мәлімдемелер берілді. Соған қарамастан, біз әлі де олардың орындалмауы немесе «Ғылым туралы» Заңға түзетулер күшіне енген кезде 30 тамызға дейін әдейі кешіктірілуі мүмкін деп алаңдаймыз.

Ұлттық ғылым академиясы, ғалымдарға лайық, интеллигентті түрде екі ай бойы «жоғарыдағыларға» жеткізуге тырысты. Бірақ жазалану қорқынышы үрейлендіреді. Мемлекет басшысына объективті баяндаудың орнына ҚР ҰҒА мүшелері толық елемеуді, немқұрайлы қарауды, қауіп-қатерлерді, тәрбиелік әңгімелерді, насихатты, әлеуметтік желілерде ақылы блогерлермен аңдуды, көндіруді, келіспеушіліктің жария нысандарына итермелеуді, нақты іс-әрекеттері жоқ уәделер сынды барлық әдістерді басынан өткерді! Ғылым академиясының рөлі мен орнын арттыруға қатысты Сіздің тапсырмаңыздың қалай орындалғаны үшін ешкім жауапкершілікті өз мойнына алмайтыны анық!

**Аса құрметті Президент, қоғамның барлық үміті тек Сізде, Сіз Ұлттық ғылым академиясына қатысты басқарушылық заңсыздықты және ҚР ҰҒА бойынша Сіздің ресми тапсырмаларыңызды орындаудағы саботажды тоқтатасыз деп үміттенеміз!**

ҚР Ұлттық ғылым академиясы Сізге, аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің Жаңа Қазақстанды құру жөніндегі саясатыңыз бен іс-әрекетіңізге толық қолдау білдіреді. Сіз мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, халықаралық аренада Қазақстан Республикасының лайықты имиджін көтеру үшін Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебе беру қажеттілігін көрсете отырып, ғалым еңбегінің беделі, ұрпақтар сабақтастығы, Ұлттық ғылым академиясының әлемдік ғылыми қоғамдастықтағы беделі, оның ел мен өз халқының өміріндегі құндылығы сияқты мемлекет үшін аса маңызды мәселелерді көтердіңіз.

**Бірауыздан КЕАҚ нысанымен  
келіспеу туралы қаулы қабылдаған  
ҚР ҰҒА Жалпы жиналысының тапсырмасы бойынша  
ҚР Ұлттық ғылым академиясының  
ТӨРАЛҚАСЫ**